

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 115 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 27 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1778. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 134 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 134 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізуді реттейтін заңдарды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 115 V011561_ қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіндегі:

1) 19-тармақтың:

бірінші азатжолының бірінші сөйлеміндегі "арнап" деген сөзден кейін "іссапарлар жүзеге асырылғанға дейін" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші сөйлеміндегі "есепшоттарға" деген сөзден кейін "іссапар мерзімі аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде" деген сөздермен толықтырылсын ;

2) 3-тарау мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Резидент заңды тұлғаның мемлекеттің кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заем шарты бойынша төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін сатып алған шетел валютасы резидент заңды тұлға ашқан уәкілетті банктердегі арнайы есепшоттарға есептелуге тиіс. Осы есепшоттардағы шетел валютасын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.";

3) 23-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Резидент заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарына және банк ісінде қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлеріне сәйкес пайдаланылатын, есеп айырысудың аккредитивтік нысанын көздейтін келісім-шарттар бойынша резидент еместермен есеп айырысу үшін қажетті шетелдік валюта Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде аккредитивтік қолданылу мерзіміне сатып алынады";

4) 29 - тармақтың :

бесінші азатжолындағы "екінші" деген сөзден кейін ", үшінші" деген сөзбен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы алтыншы азатжолмен толықтырылсын:

"Уәкілетті банктер Қазақстан Республикасының валюта заңдарының сақталуын тексеру мақсатында жүргізілетін валюта операциясына қатысты қосымша қажетті ақпаратты және құжаттарды талап етуге құқылы.";

5) 33-тармақтағы "көзделген тәртіппен" деген сөздер "көзделген талаптарды ескере отырып және тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 34-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлға құрмай инвестициялық немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын резидент немесе резидент емес жеке тұлғаларға пайдалану тәртібі осы Ереженің 3 және 4-тарауларына сәйкес белгіленетін шетел валютасымен банктік есеп шот ашылады . " ;

7) 35-тармақтың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті банктер жеке тұлғалар уәкілетті банктерге тиісті түрде ресімделген құжаттарды (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер, инвойстар және басқалары) бергенде ғана резидент еместердің пайдасына баламасы он мың АҚШ долларынан асатын мөлшерде резидент емес жеке тұлғалардың және резидент жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағынан тыс төлем жасайды және/немесе ақша аударады. Мұндай құжаттарды беру мүмкін болмаған жағдайда, уәкілетті банк жеке тұлға төлем тапсырмасына уәкілетті банкке олардың талап етуі бойынша құқық қорғау органдарына және Ұлттық Банкке жүргізілетін ақша төлемі және/немесе аударымы бойынша ақпарат беруге рұқсат беретін жазбалар жасаған кезде ғана төлем және/немесе ақша аударымын жүргізеді. Жеке тұлға күнтізбелік ай өткеннен кейін бір айдың ішінде баламасы елу мың АҚШ долларынан астам сомаға осы тармақта келісілген құжаттарды бермей-ақ резидент еместің пайдасына төлем және/немесе ақша аударымын жүргізген кезде, уәкілетті банк күнтізбелік ай аяқталғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде осы жеке тұлға (жіберушінің аты-жөні, бар болса - СТН) және ол өткізген төлем және/немесе ақша аударымы туралы ақпаратты Ұлттық Банкке беруге міндетті . " .

8) 40-тармағындағы "шектеусіз" деген сөзден кейін "Ережеде белгіленген

талаптарды ескере отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

9) алтыншы азатжолдың 43-тармағындағы ", сондай-ақ банктің алушының жеке басының ұқсастығын анықтауына мүмкіндік беретін басқа да деректер" деген сөздер алынып тасталсын;

10) алтыншы азатжолдың 44-тармағындағы ", сондай-ақ банктің жіберушінің жеке басын бірегейлендіруге мүмкіндік беретін басқа да деректер" деген сөздер алынып тасталсын;

11) 51-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізіледі.

3. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жангелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к і

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і м е н
к е л і с і л д і

2002 жылғы 31 қаңтар